

ҚАРАЛДЫ
РАССМОТРЕНО
ӘБ отырысында
Хаттама № 1
на заседании МО
№ протокола 1
Н.М. Рысдаулетова
«26» тамыз 2022 жыл

КЕЛІСІЛГЕН
СОГЛАСОВАНО
Директордың ОТЖ орынбасары
Зам. директора по УВР
Ж.М. Балабаева
«31» тамыз 2022 жыл

БЕКТЕМІН
УТВЕРЖДАЮ
Мектеп директоры
Директор школы
А.О. Конкыбаева
«31» тамыз 2022 жыл



Ақмола облысы Целиноград ауданы
Нүресіл ауылының жалпы білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспары

МАД "А" тобы
Сынып жетекшісі: Бодаубай Жанилыс

**2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Нүресіл ауылының ЖОББМ» КММ

Балалардың жасы: 5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 09.2022ж

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дене сапаларын қалыптастыру; - тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру; - қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту; - шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың алады-алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу; - ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау. <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>1) жүру. Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру; тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды аттап өту, түрлі қарқында, тәрбиешінің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгерту, шашырап, заттар арасымен, адымдап алға қарай жүру, қадамды алмастыра жүру, жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру;</p> <p>2) жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. Бір қырымен тізе бүге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. Түзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу.</p> |

| | | |
|---------------------|--|--|
| | | <p>Спорттық жаттығулар: 4) велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; Спорттық ойын элементтері: 1) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру; Дербес қимыл белсенділігі. Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау. Көпнұсқалық ойындар үшін кеңістікті ұйымдастыру. Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | | <ul style="list-style-type: none"> -Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекітеді -Балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байытады -Түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастырады -Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастырады, диалог түрінде сөйлеуге үйренеді -Шығармашылық әңгімелеп беруді жетілдіреді |
| Көркем әдебиет | | <ul style="list-style-type: none"> -Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулиды -Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулиды -Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйренеді -Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастырады -Өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдылары қалыптасады |
| Сауат ашу негіздері | | <ul style="list-style-type: none"> -"Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктері қалыптасады -Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйренеді -Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйренеді |

| | |
|----------------------------|---|
| | <p>-Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйренеді</p> <p>-Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен танысады</p> |
| Математика негіздері | <p>-Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамиды</p> <p>-Математикалық терминдерді қолдана біледі</p> <p>-Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйренеді</p> <p>-Беттестіру және тұтастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйренеді</p> <p>-Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алады.</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>-Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта біледі</p> <p>-Үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктері қалыптасады</p> <p>-Балаларда өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін, үй тапсырмаларын орындайды</p> <p>-Өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта біледі</p> <p>-Балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы біледі</p> |
| Құрастыру | <p>-Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйренеді</p> <p>-Болашақта жасалатын құрылысты талдай біледі, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасайды</p> <p>-Үлкен емес жазықтықты үлкен етіп біріктіреді, кірпіштердің, қырлы бөренелердің араларын бірін-біріне жиі қойып құрылысты берік етіп, биіктігі күрделі құрылысты бөлу сияқты құрастырудың жаңа әдістерін үйренеді</p> <p>-Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйренеді</p> <p>-Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді</p> |
| Сурет салу | <p>Елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдылары қалыптасады.</p> <p>Серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу;</p> <p>түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктері бекиді.</p> |
| Мүсіндеу | <p>-Көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеуге</p> |

| | |
|---------|--|
| | <p>үйренеді</p> <ul style="list-style-type: none"> -Қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйренеді -Заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйренеді -Көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуді үйренеді -Біртекті заттардан сюжеттер жасап, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> -Екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қияды - Қайшыны, желімді дұрыс қолданады - Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйренеді -Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгереді -Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасайды |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау:Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажыратады.</p> <p>Ән айту:Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2 – 3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйренеді, септима мен терция дыбыстарына ажыратады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындайды.</p> <p>Ойындар, хороводтар:Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүреді.</p> <p>Билер:Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындайды, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстырады.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажыратады.</p> |

Қазан айы 2022жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|--|
| | Дене шынықтыру | <p>- дене сапаларын қалыптастыру;</p> <p>- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;</p> <p>- қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;</p> <p>- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту;</p> <p>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың алады-алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу;</p> <p>- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>3) секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м); қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м), орнынан биіктікке, арқаннан, сызықтан аттап секіру, оң және сол аяғын кезектестіріп секіру, биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру;</p> <p>4) лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4–5 рет), допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату, допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу, 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты дәлдеп лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу</p> |

| | |
|-----------------|---|
| | <p>(арақашықтығы 4 м), алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м);</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. Бір қырымен тізе бүге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. Түзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>4) велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу;</p> <p>5) жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесімен деңгейлес созылған). Иек, көз деңгейіне дейін суға отыру, суға бетін батыру, суға үрлеу;</p> <p>6) судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>1) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру;</p> <p>2) бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау. Көпнұсқалық ойындар үшін кеңістікті ұйымдастыру. Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Коммуникативтік біліктері мен дағдылары дамиды: әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті, диалог жүргізу, өз пікірін айту.</p> <p>Дыбыстарды дұрыс, анық айтады, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г–ғ, л–р, ж–з, с–з, ж–ш, н–ң, х–һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратады және анық айтады</p> <p>Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастырады;</p> <p>Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйренеді.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдылары қалыптасады.</p> |

| | |
|----------------------|---|
| | <p>Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамытады; Қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қоры дамиды. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйренеді.</p> |
| Қазақ тілі | <p>Дыбыстарды дұрыс, анық айтады, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ, л-р, ж-з, с-з, ж-ш, н-ң, х-һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратады және анық айтады Дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастырады; Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйренеді. Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдылары қалыптасады. Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамытады;</p> |
| Көркем әдебиет | <p>Әдеби жанр түрлерін түсінеді: Ертегі, әңгіме, өлең. Шығарма кейіпкерлерімен танысады. Қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсініктері қалыптасады. Дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттайды Таныс сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды Өз ойын айта біледі, басқалардың пікірін тыңдай біледі, ұл балаларға (мықты, батыл, еңбекқор және тағы басқа) және қыздарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылайды.</p> |
| Сауат ашу негіздері | <p>Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйренеді. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі. Дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйренеді; Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстырады және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстайды. .Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйренеді.</p> |
| Математика негіздері | <p>бсаны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптасады, оларды таниды және атай біледі. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5,6 санының пайда болуымен танысады. 7 көлеміндегісанды тура және керісанауға үйренеді. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді жәнеосы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады. Сөйлеуде мына сөздерді қолдана біледі: "үлкен–кіші", "үлкенірек– кішірек", "өлшемдері бірдей", "ұзынырақ–қысқарақ", "ұзындығы бойынша бірдей", "жоғарырақ–төменірек", "биіктігі бойынша бірдей", "тар-кең", "ені бойынша бірдей", « қалың – жұқа», "қалыңдығы бойынша бірдей", «жеңіл-ауыр», "салмағы бойынша бірдей", "пішіні бойынша бірдей және әртүрлі"; түсі бойынша бірдей және әртүрлі Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйренеді Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне</p> |

| | |
|----------------------------|---|
| | сызады. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптасады.</p> <p>Сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап енгізеді, таныс емес заттардың қолданылуын түсінеді.</p> <p>Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай біледі.</p> <p>Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік қалыптасады.</p> <p>телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекітеді.</p> |
| Құрастыру | <p>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен танысады. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай біледі.</p> <p>Шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай біледі.</p> <p>Ұжымдық құрылыстар салады.</p> <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастырады. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай біледі.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндейді.</p> <p>Қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйренеді.</p> <p>Халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйренеді. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйренеді. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдайды.</p> |
| Жапсыру | <p>Қайшыны қолдану біліктерін бекітеді: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тік бұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алады.</p> <p>Елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасайды.</p> <p>Жырту тәсілімен жапсырады.</p> <p>Ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды жапсырады.</p> |
| Сурет салу | <p>Заттық сурет салу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастырады. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелейді; 2) түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйренеді. <p>Сәндік сурет салу:</p> |

| | |
|--------|--|
| | <p>1) түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктері бекиді. Түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолданады;</p> <p>2) қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйренеді.</p> <p>Қарындаштармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, көлбеу ұстау қажет, штрихтарды біркелкі жеңіл қимылмен бір бағытта әрі-бері сызу. Сызықты контурдың сыртына шығаруға болмайды.</p> <p>Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиеленеді.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастырады. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйренеді.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау:Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіреді, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтады.</p> <p>Ән айту:Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2 – 3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйренеді, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындайды.</p> <p>Ойындар, хороводтар:Музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді, жылдамдық пен ептілікті білдіреді.</p> <p>Билер:Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындайды, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстырады.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және барлық топпен ойнайды.</p> |

Қараша айы 2022ж

| айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | <p>Негізгі қимылдар. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу;</p> |

артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Спорттық жаттығулар.

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

| | |
|-----------------|--|
| | <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді.</p> <p>Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасайды.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолданады: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттейді.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды, әдепті және сабырлы болады.</p> <p>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандайды, сын есімдер мен үстеулерді қолданады.</p> <p>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі.</p> |

| | |
|---------------------|---|
| Қазақ тілі | <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытады.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен танысады.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады.</p> <p>Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы).</p> <p>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздерімен сөздік қорларын толықтырады.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді</p> <p>Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады.</p> |
| Көркем әдебиет | <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды.</p> <p>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып береді, диалогтік сөйлеуді дамытады, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді.</p> <p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтады, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінеді.</p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады.</p> <p>Құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі.</p> <p>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді.</p> |
| Сауат ашу негіздері | <p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсініктері қалыптасады. Сөздің мағынасына қызығушылық танытады.</p> <p>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды.</p> <p>Буын туралы ұғымдары қалыптасады, сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды.</p> <p>Буындардан сөздер құрастырады (ауызша)</p> <p>Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен</p> |

| | |
|----------------------------|--|
| | <p>өз бетінше жазады.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салады.</p> |
| Математика негіздері | <p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды. Көрнекілік арқылы, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен танысады. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсінеді.</p> <p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен танысады. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата біледі.</p> <p>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінеді, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттейді, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табады, олардың пішіндерін анықтайды.</p> <p>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытады, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөледі, бүтін мен бөлікті салыстырады, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастырады.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйренеді.</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал етеді.</p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулыды. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді, өзін-өзі құрметтейді, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттырады.</p> <p>Туыстық байланыстарды түсінеді (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын біледі. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасайды, үлкендерді сыйлайды, кішіге ізет</p> |

| | |
|-----------|--|
| | <p>көрсетеді, үй шаруасына көмектеседі, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіреді, алғыс айтады, сыпайы сөйлейді.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсінеді. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды.</p> <p>Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай біледі.</p> |
| Құрастыру | <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастырады: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулайды</p> <p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатады.</p> <p>. Қағаздан құрастырады</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастырады, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіреді.</p> |
| Мүсіндеу | <p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін біледі.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеді, оларға тән ерекшеліктерді береді, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіреді, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді.</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндейді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістейді және кескішті пайдаланады.</p> <p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндейді.</p> <p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете біледі, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтайды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістейді.</p> |
| Жапсыру | <p>Қайшыны қолдануды бекітеді:</p> <p>Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алады.</p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше</p> |

| | |
|------------|---|
| | <p>пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолданады,</p> <p>Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсырады.</p> |
| Сурет салу | <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе біледі.</p> <p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы береді (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салады.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізеді. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> |

Желтоқсан айы 2022ж.

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|

| | |
|-----------------------|--|
| <p>Дене шынықтыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпак табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. <p>Негізгі қимылдар. <i>Еңбектеу, өрмелеу:</i> жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар. <i>Хоккей элементтері.</i> Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар</p> |
|-----------------------|--|

| | |
|-----------------|---|
| | мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. |
| Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді. - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байытады. - Негізгі ойды дұрыс жеткізе біледі, монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізді айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады. - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады. - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. |
| Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытады. - Қазақ халқының, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен танысады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Қазақ халқының азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен сөздік қорларын толықтырады - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. |
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды. - Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналайды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. |

| | |
|----------------------------|---|
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады. - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. - Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптасады (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінеді. Сөйлемді ауызша талдайды: жай сөйлемдерді сөздерге бөледі, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды. берілген сөзге сөйлем құрастырады. - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады. |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Жиынды сапасы бойынша өртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құрады, жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатады, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиынан кіші екенін, жиынның бөліктерін санайды және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстырады. - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсінеді - 10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады - Теңдік туралы түсініктері қалыптасады, өртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтайды, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылайды. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <ul style="list-style-type: none"> - Көлік, байланыс құралдары. - Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінеді, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын біледі, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтайды. -Еңбекке баулыды. - Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейтеді, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсінеді және бағалайды. - Ата-ана еңбегін түсінеді, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқайды. Еңбек |

| | |
|-----------|--|
| | <p>ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулайды. - Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртеді, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасайды, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқарады, жоспарланған нәтижеге жетеді, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетеді, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулайды. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарайды. |
| Құрастыру | <ul style="list-style-type: none"> - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере біледі, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастырады. - Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады. - Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолданады. - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулайды. - Шығармашылық ойлауды және қиялды дамытады. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасайды). - Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолданады. - Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) жасайды. - Туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстырады, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіреді, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолданады, олардың бетіне бедерлер жасайды. - Біртекті заттардан сюжеттер құрастырады. |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстырады, - Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен безендіреді. - Сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады, жеке және топпен |

| | |
|------------|--|
| | <p>бірлесіп жасырады, онда міндеттерді келісіп атқарады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіреді. - еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды. |
| Сурет салу | <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе біледі. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы береді (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдайды. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалайды. Жымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> |

Қаңтар айы 2023жыл

| | | |
|-----|---------------------------|--|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| | Дене шынықтыру | <p>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</p> <p>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</p> <p>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</p> <p>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</p> <p>- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Иштің бұлишық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Спорттық ойындар.</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> |

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі.

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына

| | |
|-----------------|--|
| | <p>жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау . Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді. - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолданады: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттейді. |

| | |
|----------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды, әдепті және сабырлы болады. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдайды, сын есімдер мен үстеулерді қолданады. |
| Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытады. - Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Қазақ халқының аңшылық кәсіптегі (аң, аңшы, орманшы, қорықшы)сөздерімен сөздік қорларын толықтырады - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізеді, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді, шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді, шығарманы еркін талқылайды. - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады. |
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды. - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып береді, диалогтік сөйлеуді дамытады, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтады, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінеді. - Құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, |

| | |
|----------------------|---|
| | <p>жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді. - Сахналық қойылымдарға қатысады, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады, белгілі образды сомдауда эксперимент жасайды, түрлендіреді. |
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. - Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Сөйлемді ауызша талдайды: жай сөйлемдерді сөздерге бөледі, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды. берілген сөзге сөйлем құрастырады. - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады. - Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салады. |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - 10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады. - Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолданады. - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра біледі. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады. - Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстырады, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алады. - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастырады (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. - Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете біледі. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастырады. Қағаз парағын |

| | |
|-----------------------------------|---|
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <p>бағдарлай біледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулайды. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсетеді. - Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейтеді. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсінеді. - Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсінеді, оларға белсенді қатысады. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтейді. - Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байытады. - Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын біледі. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін біледі және құрметтейді, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытады. - Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы біледі, оларды құрметтейді. |
| <p>Құрастыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастырады: - ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулайды - Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнатады. - Қағаздан құрастырады. |

| | |
|------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулайды. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе біледі, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндейді, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізеді. - Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолданады. - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасайды). |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алады. - Қайшыны қолдануды бекітеді: - Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсырады. - Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолданады, - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды. |
| Сурет салу | <p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы береді (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдайды. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалайды. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолданады. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тындау.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> |

Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

Билер

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру,

қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

Ақпан айы 2023жыл

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді. - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастырады. - Негізгі ойды дұрыс жеткізе біледі, монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізді айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдайды, сын есімдер мен үстеулерді қолданады. |
| | Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Туған өлкенің тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрады. - Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Қазақ халқының мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздерімен сөздік қорларын толықтырады - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. - Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттайды, сөздерді дәл және дұрыс қолданады, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады. |
| | Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді |

| | |
|----------------------------|---|
| | <p>(эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналайды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. - Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады. - Сахналық қойылымдарға қатысады, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады, белгілі образды сомдауда эксперимент жасайды, түрлендіреді. |
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Сөйлемді ауызша талдайды: жай сөйлемдерді сөздерге бөледі, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды. берілген сөзге сөйлем құрастырады. - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады. |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімдерін бекітеді. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптасады, олардың ретін біледі және атайды, циферблат бойынша уақытты анықтайды. - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтайды. - Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастырады. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <ul style="list-style-type: none"> - Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсінеді. - Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын біледі. - Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытады. |

| | |
|------------|---|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Еңбекке баулайды. - |
| Құрастыру | <ul style="list-style-type: none"> - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулайды. - Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады. - Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолданады. - Шығармашылық ойлауды және қиялды дамытады. - Пішіндердің түрлі қалыптарын бере біледі, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастырады. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіреді. - Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін біледі. - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеді, оларға тән ерекшеліктерді береді, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіреді, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді. - Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолданады. - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасайды). |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіреді. - еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды. - Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстырады, - Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен безендіреді. - Сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады, жеке және топпен бірлесіп жасырады, онда міндеттерді келісіп атқарады. |
| Сурет салу | <p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-</p> |

| | |
|--------|--|
| | <p>түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдайды. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамытады. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салады. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастырады. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беріледі. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнайды.</p> |
| Музыка | <p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> |

| | | |
|-----|---------------------------|---|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді. - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана біледі. - Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысады. - «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсінеді, бір-біріне көмек қолын созады, бірлесіп, келісіп ойнайды, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болады. - Негізгі ойды дұрыс жеткізе біледі, монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізді айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады. - Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады. |
| | Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Қазақ халқының мал егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздерімен сөздік қорларын толықтырады. - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана біледі, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізеді, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді, шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді, шығарманы еркін талқылайды. |

| | |
|----------------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. |
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды. - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып береді, диалогтік сөйлеуді дамытады, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтады, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінеді. - Құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді. - Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу |
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Сөйлемді ауызша талдайды: жай сөйлемдерді сөздерге бөледі, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды. берілген сөзге сөйлем құрастырады. - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады. |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытады, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөледі, бүтін мен бөлікті салыстырады, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастырады - 10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастырады (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. |

| | |
|----------------------------|---|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтайды. - Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерін бекітеді, олардың ретін біледі және атайды, циферблат бойынша уақытты анықтайды. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <ul style="list-style-type: none"> - Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтайды. - Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтеді. - Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтайды. - «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол 95 белгілерімен таныстыруды жалғастырады. - Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейтеді. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата біледі. - Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінеді. - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасайды, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады. - Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінеді. |
| Құрастыру | <ul style="list-style-type: none"> - Қағаздан құрастыру 89 әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекітеді. - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолданады. - Табиғи, қалдық материалдардан құрастырады. - Қағаздан құрастырады. - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулайды. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулайды. - Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды. - Жұмысты ұқыпты орындайды, заттарды жинайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |

| | |
|------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіреді. - Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді. |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсырады, оларды ою-өрнектермен безендіреді. - Сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады, жеке және топпен бірлесіп жасайды, онда міндеттерді келісіп атқарады. - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіреді. - еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды. - Жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алады. |
| Сурет салу | <p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолданады. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдайды. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды жеткізе білуін жетілдіреді. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салады. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі.</p> |
| Музыка | <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Музыкалық (дауыппаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба және т.б.) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> |

Сәуір айы 2023жыл

| | | |
|-----|---------------------------|--|
| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
| | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйренеді. - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастырады. - әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды, әдепті және сабырлы болады. - Негізгі ойды дұрыс жеткізе біледі, монологты байланыстырып құра біледі, әңгімені бірізді айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастырады. - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. |
| | Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерімен сөздік қорларын толықтырады. - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана біледі, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. - Өз бетінше қарым-қатынас жасайды, әңгімелеседі, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды, сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді. - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. |

| | |
|----------------------|--|
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды. - Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналайды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындайды - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. - Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады. - Сахналық қойылымдарға қатысады, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады, белгілі образды сомдауда эксперимент жасайды, түрлендіреді. |
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. - Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады. |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - 10 көлеміндегі сандарды салыстырады, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығарады - Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата біледі - Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтайды, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылайды. - Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құрады, жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатады, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санайды және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстырады. - Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра біледі. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады. |

| | |
|-----------------------------------|--|
| <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейтеді, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстырады. - Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өседі және көбейеді. - Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін біледі: оларды суарады, түбін қопсытады, жапырақтың шаңын сүртеді. - Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді . - Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атайды және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратады. - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата біледі, құстардың пайдасы туралы біледі, оларға қамқорлық жасайды. - Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе біледі. - Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, 96 итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастырады. |
| <p>Құрастыру</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйретеді. - Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіреді. - Дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай біледі. - Шығармашылық қиялды дамытады, көрнекілікке сүйене отырып, елестетеді, ойлауы бойынша |

| | |
|------------|---|
| | <p>қолдан бұйымдар жасай біледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстырады, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттейді. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіреді, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді. - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндейді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістейді және кескішті пайдаланады. - Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндейді. - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете біледі, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтайды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістейді. - Жұмысты ұқыпты орындайды, заттарды жинайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды. |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Қайшыны қолдануды бекітеді: - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелейді. - Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастырады. - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіреді, - еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды. |
| Сурет салу | <p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіреді. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салады. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалайды.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы</p> |

шығармаларымен таныстыру.
Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Мамыр айы 2023жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----|---------------------------|---|
| | Дене шынықтыру | |
| | Сөйлеуді дамыту | <ul style="list-style-type: none"> - Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). - Артикуляциялық жаттығулар жасайды. - Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре біледі - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіреді: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастырады, өзара байланысты бірізді сюжет құрастырады, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолданады. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдайды, сын есімдер мен үстеулерді қолданады. - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі. |
| | Қазақ тілі | <ul style="list-style-type: none"> - Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолданады. - Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытады, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыланады. Фонематикалық естуді дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды (басы, ортасы, соңы). |

| | |
|---------------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтады. - Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды, жұмбақтар шешеді - Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізеді, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді, шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді, шығарманы еркін талқылайды. - Түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құрады. - Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттайды, сөздерді дәл және дұрыс қолданады, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастырады. |
| Көркем әдебиет | <ul style="list-style-type: none"> - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, олардың мазмұнын түсінеді, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратады, тілдің көркемдігін сезінеді (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалайды. - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып береді, диалогтік сөйлеуді дамытады, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтады, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінеді. - Құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі. - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтады. - Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді. - Сахналық қойылымдарға қатысады, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады, белгілі образды сомдауда эксперимент жасайды, түрлендіреді. |
| Сауат ашу негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды. - Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. - Буындардан сөздер құрастырады (ауызша) - Сөйлемді ауызша талдайды: жай сөйлемдерді сөздерге бөледі, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтайды. берілген сөзге сөйлем құрастырады. - Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады. - Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, |

| | |
|----------------------------|--|
| | <p>тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазады.</p> |
| Математика негіздері | <ul style="list-style-type: none"> - Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінеді, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттейді, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табады, олардың пішіндерін анықтайды. - Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстырады, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алады. - Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете біледі. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастырады. Қағаз парағын бағдарлай біледі. - Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтайды. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <ul style="list-style-type: none"> - Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғайды, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне біледі. <ul style="list-style-type: none"> - Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейтеді. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйретеді. - Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастырады. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылайды. - Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін біледі; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). - Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолданады). |
| Құрастыру | <ul style="list-style-type: none"> - Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулайды. |

| | |
|------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік береді. - Қағаздан құрастырады. - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолданады. - Табиғи, қалдық материалдардан құрастырады. |
| Мүсіндеу | <ul style="list-style-type: none"> - Ыдыстарды мүсіндейді, оларға тән ерекшеліктерді береді, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіреді, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді. - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтардың пішіндерін мүсіндейді. - Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіреді. - Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулайды. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды. |
| Жапсыру | <ul style="list-style-type: none"> - Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды. - Қайшыны қолдануды бекітеді: - Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастырады. - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелейді. |
| Сурет салу | <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе біледі. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнайды. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салады. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіреді.</p> |

| | |
|--------|--|
| | Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салады. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беріледі. |
| Музыка | Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Өткенді қайталау. |